

Бекітемін:
МКҚК « Балапан» балабақшасы
меңгерушісі ма Бірлік С
«__»_____2021ж.

Вариативтік компонент

«Бәрін білгім келеді»

Тәрбиеші: Бірлік С

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Менің отбасым	Балаларға отбасы мүшелері туралы тақпақтар жаттата тіл байлықтарын байыту. Өз отбасы туралы жақсы ой – тілектерін достарымен бөлісуге үйрету. Мақал – мәтелдер жаттату. Отбас мүшелерін құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу.	1
2	Менің атам мен әжем	Балаларға өз ата әжелерімен бірге нағашы ата әжелері бар екенін түсіндіру. Нағашы жұрттың кім екенін үйрету. Мақал - мәтелдер жаттату. Отбасы мүшелерін құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу.	1
3	Менің бауырларым	Отбасындағы туыстық қатынас туралы білімдерін жетілдіре түсу. Аға, іні, қарындас, әпке туралы түсінік беру. Мақал – мәтелдер мен жаттау жаттату. Отбасындағы татулыққа тәрбиелеу	1
4	Отбасындағы мерекелік дәстүр	Отбасындағы мерекелік дәстүрлер туралы айтуға, балалардың танымдық көзқарастарын молайта түсу. Мақал - мәтелдер жаттата, мақтанышпен әңгімелете, татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу	1
5	Мамандықтар	Адамдардың әртүрлі мамандықтар туралы балалардың білімдерін жетілдіру. Балалардың мұңайшы, шахтер құрылысшы мамандықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Пайдалы қазба байлықтары және олардың алыну жолдары, олардан не жасалатыны жайлы түсіндіру	1
6	Алтын күз	Жомарт күздің жомарттығы туралы айту. Күз туралы мақал - мәтелдер жаттау, жыл мезгілінің ішіндегі күз туралы санамақ жаттата танымдылықтарын арттыру	1
7	Ас – атасы нан	Біздің елдің басты басты байлығымыз туралы мағұлмат беру. Нан туралы ырымдар мен мақалдар жаттату.	1
8	Ойыншықтар әлемі	Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беріп, тақпақтар жаттату. Достыққа тәрбиелеу. Мақал - мәтел жаттату	1
9	Соқыртеке	Қазақтың ұлттық ойыны соқыр текені ойната,	1

	ойыны.	тақпақтар жаттату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, татулыққа, достыққа тәрбиелеу	
10	Көліктегі әдептілік	Көлік ішіндегі мінез – құлық ережелерін сақтауға үйрету	1
11	Отбасы	Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп қоштасуға, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Көз бұлшықеттерін шынықтыру	1
12	Жануарлардың қысқы тіршілігі.	Төрт түлік малдың пайдасы туралы түсіндіру Көз бұлшықеттерін жаттықтыру	1
13	Жыл құстары	Құстарға қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға, аялауға әдістемелік құрал тәрбиелеуге. Көз бұлшық еттерін шынықтыру	1
14	Қайтып келер жаз	Жаз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Жаз айларында айналада болатын өзгерістерді, табиғаттағы ерекшеліктерді бақылай білуге үйрету. Көз қимылын дамыту.	1
15	Х А Қамзаұлы Оқу құралдары .	Балалардың білімге қызығушылығын арттыру. Оқу құралдары туралы түсінік беру. Оларды күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу	1
16	Жасыл дәріхана	Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажеттігі мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1
17	Алма. Е. Сүтеев	Балаларды бір – бірін сыйлауға, өзара тату болуға, қолындағы барын бөлісіп жеуге баулу. Жемістерді күтіп – баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу	1
18	Құстардың қысқы тіршілігі.	Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру; Сабақ барысында орындатылған тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту; Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	1
19	Нан дастарханға қалай келдің.	Бауырсақтың дастарханға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлей білуге үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу	1
20	Тоқтар бала	Ғарышқа тұңғыш ұшқан қазақ Тоқтар Әубәкіровтың ерлігін балаларға түсіндіру. Балаларды батылдыққа, төзімділікке, еліне адал азамат болуға тәрбиелеу. Оз ойларын еркін жеткізе білуге баулу, есте сақтау	

		қабілеттерін дамыту.	
21	Алтын бала С.Тұрдалиев	Балаларды өзіне тапсырылған істі тиянақты орындауға, отбасында, достардың ортасында жауапкершілікті болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу	1
22	Шаттықшақ	Шаттық күндер екенін түсіндіріп, балалардың мерекелік көңілін көтеру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Кішіге қамқор болуға тәрбиелеу	1
23	Біз мектепке барамыз	Мектеп, мектепке қажетті құралдаы туралы түсінік беру. Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сөйлем, әңгіме құрастыра білуге дағдыландыру. Білімпаз болуға тәрбиелеу.	1
24	Қыс қызығы	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру. Табиғатты бақылауға, қамқор болуға тәрбиелеу	1
25	Қызыл кітап күпиясы	Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру. Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру. Табиғатты баулу.	1
26	Жаңа жылым – келді.	Қыс туралы білімін бекіту. Жаңа жыл қызықты, отбасылық мерекесіне деген қызығушылығын арттыру	1
27	Ормандағы Шырша тойы	Балаларға әңгімені тыңдата отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ормандағы аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1
28	Киіз үй жабдықтары	Киіз үй жабдықтарымен танысу. Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу	1
29	«Қарлығаш пен Дауіт» ертегісі	Ертегіні тыңдата отырып, қарлығаш адамға дос екенін түсіндіру. Қардан аққала соғып, қар қамалдар тұрғызуға болатынын үйрету.	1

30	Қысқы еңбек	Балалардың қыс мезгілінде орындалатын еңбек түрлері туралы түсініктерін толықтыру.	1
31	Табиғат бұрышындағы тіршілік	Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту	1
32	«Сәруар» ертегісі	Ертегіні оқу арқылы балаларды батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	1
33	Ана біздің гүліміз.	Отбасындағы ананың рөлі туралы түсінік беру. Балалардың өздеріне аналары жайлы әңгімелету арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық туралы түсінік. Ананы қадірлеуге тәрбиелеу.	1
34	Туған өлкем.	Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту.	1
35	Ағайынбыз бәріміз Ә. Дүйсенбиев	Достық, ынтымақ сөздерінің маңыздылығын түсіндіру. Сыйластық, татулық туралы түсініктерін кеңейту.	1
36	Ерлік көрсеткен аталарымыз. Қ. Жұмағалиев	Балалардың «бейбітшілік» туралы түсініктерін бекіту. Патриоттық сезімге, достыққа тәрбиелеу. Көз қырағылығын нығайту.	1

Күні: _____

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: Көліктер кептелісі.

Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру. Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу. Көз қимылын дамыту.

Қажетті құралдар: Көлік түрлері суреттері. Бағдаршам, жол белгілері.

Сөздік жұмыс: баған, аспалы, сым жол

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	Балалар бір біріне жақсы тілектер айтып, жылы лебіздерін білдіреді. Педагог балаларға көліктің түрі көп екенін айтады. - Алыс жолға, саяхатқа шыққанда қандай көліктермен жүреміз?	Балалар бір біріне жақсы тілектер айтып, жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Тыныштық сәті: Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, көз алдарына саяхатқа қалай шығатындарын елестетеді. Жеңіл көлікпен аялдамаға жетеді. Аялдамадан атобусқа мінеді. Вокзалдан пойызға мініп, портқа жетеді. Кемемен жүзіп отырып әуежайға, әуежайдан ұшаққа отырып демалатын жерге де жетеміз. Көзімізді ашамыз. Қандай сезімде болдыңдар? М. Әлімбаевтың «Троллейбус» өлеңімен таныстыру. Бағанға ілінген Аспалы сым жолы бар, Көшелерде жүгірген троллейбус жолығар Сым жолымен зулайды, Басқа жаққа бұрылмайды. - Троллейбусқа мініп көрдің ба? - Троллейбустың автобустан айырмашылығы қандай? - Сым жолымен қалай жүреді? - Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болп ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз,	Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, көз алдарына саяхатқа қалай шығатындарын елестетеді. М. Әлімбаевтың «Троллейбус» өлеңімен танысады. Өлең бойынша сұрақтарға жауап береді. Балалар қимыл қозғалыс пен сергіту жаттығуын орындайды

	<p>Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз. Дидактикалық ойын: «Жолдан өте білесің бе?» Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктер, жаяу жүргіншілер. Бірінші топ көліктерге мінеді, екінші топ жаяу жүргіншілер. Бағдаршамға жол белгілеріне қарап жолдан өтулері керек. Жұмбақ шешу: Төбесінде ебелек, Ұшады өзі керемет.</p> <p>Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар.</p>	<p>«Жолдан өте білесің бе?» Дидактикалық ойынын ойнайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Жұмбақтардың шешімін табады. Тікұшақ Трамвай</p>
Рефлексиялық –түзетушілік	<ul style="list-style-type: none"> - Қандай көлік түрлерін білесің? - Алыс жол жүріп көрдің б? - Өзің қандай көлікті ұнатасың? - Суретін салып әңгімеле. 	<p>Балалар қорытынды сұрақтарға жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалар көлік түрін білу керек.

Болу керек: Жолда жүру ережесі туралы білімдері болу керек.

Үйрену керек: Жолда жүру тәртібін сақтауға үйрену керек.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Ойыншықтар әлемі

Мақсаты: ойын ойнау арқылы балалардың білім деңгейін тексеру. Тілдік қорын, таза сөйлеуге, заттардың қасиетін айыра білуге, ойыншықтарды қадірлеп ұстай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: қалта, әр түрлі қатты және жұмсақ ойыншықтар, геометриялық пішіндер.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, қайталау әдісі.

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Ұйымдастырушылық - ізденістік Мотивациялық – қозғаушылық	<p>Қанеки бәріміз орнымыздан тұрып , бір –біріміздің қолдарымыздан ұстап , шеңбер жасайық «Тілек шеңбері»</p> <p>Біздің топта ұл –қыздар , Тату тәтті ойнаймыз Әлемдегі бар адамға Тек жақсылық тілейміз.</p> <p>1.Кенет қолында бір домбырасы бар бір әже келеді.</p> <ul style="list-style-type: none">- Сәлеметсіңдер ме балалар!- Сәлеметсіз бе әже.- Балалар мына менің қолымдағы дорбаның ішінде не бар екенін біле алмай , дорбаны аша алмай жүрмін- Жоғары шығыңыз, әже .біздің өнерлі,балалар сізге дорбаны ашып , ішінде не бар екенін сізге көрсетеді. <p>Тәрбиеші дорбаны алып , ішінде ойыншықтарды алу үшін кезекпен балаларды шақырады.</p> <ul style="list-style-type: none">- Мынау не?- Бұл балапан.- Ал балапан қандай?- Дұрыс ,балапан кішкентай жұмсақ- Ал мынау не?- Бұл қоян. <p>Тәрбиеші балаларды кезекпен , қалтадағы ойыншық біткенше , шақырып ,оның түсіне, пішініне , қасиетіне назар аудартып балалардан сұрақ жауап арқылы білім деңгейін тексереді.</p>	Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап береді.

<p>Рефлексиялық – түзетушілік</p>	<p>2.Ойын. «»Үкі» Шарты : Үкіні таңдап аламыз , ол ұйықтап отырады .Балалар жанында ойнап жүреді . «Түн» деген кезде үкі оянып , Ұшады . Үкі ұшқан кезде балалар бір орында қимылсыз тұрып қалуы керек. Балалар ойнайды. 6. Би «Кішкентай үйректер» 7.Әже: Рахмет сендерге, балалар . Өркендерің өссін! Ал мынау менің сыйлығым: тәтті тоқаштар . Мен оны апайларыңа беріп кетемін, ал апайларың сендерге таратып берсін. Сау болыңдар балалар! - Сау болыңыз ,әже !</p>	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>
-----------------------------------	--	--

Қорытынды:

- Бізге қонаққа кім келді?
- Әже сендерге не әкелді?
- Ал әже сендерге не сыйлады?

Балаларды мақтау , мадақтау, балаларға әже берген тоқашыарды таратып беру.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: «Ас –атасы нан»

Мақсаты: Балаларға ас туралы түсінік беру . нанның адам еңбегімен келетінін ,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру. Сол арқылы нанды қастерлеуді жерге тастамауды б адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<p>-Балалар, қараңдаршы, біздің дастарханда нанның бірнеше түрі бар . Атап беріңдер.</p> <p>-Осы нанды неден пісіреді?</p> <ul style="list-style-type: none">- Ұнды қайдан алады?- Мынау бидай масағы , сабағы , мұртшалары .- Егер бидайдың қауызын аршитын болсақ , ішінен бидайдың дәні шығады. <p>-Осы бидайды ұнтақтаса , ұн шығады .</p> <p>-Наубайханада осы аппақ ұнға – тұз, су, ашытқы араластырып , қамыр илеп нан пісіреді.</p> <p>Алтын, сары тоны бар, Қауызында дәні бар . (бидай) Б. Өтетілеуовтың өлеңін ұнтаспадан тыңдайық.</p> <p>Кең дала көсілген .</p> <p>Теңіз толқып жатқандай Жиын жауып нұр сүйген Егін нұрға батқандай Төресіндейгүлдердің Тұр ғажайып ақ бидай Асырайтын күллі елді Біздің байлық ақ бидай</p> <ul style="list-style-type: none">- Балалар , диқан сөзін өалай тісінесіңдер?- Диқан көктемде егін даласына егін егеді.- Күзде егіс даласында бидайды комбайнмен орады, жинайды,бастырады. Жүк машинасымен тасиды. Қырманға әкеліп, тазалап , кептіреді. Сонан соң леваторға жібереді.	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Элеватор суретін көрсетіп – бидайсақтайтын қойма онда бидайды көп жылдар бойы сақтауға болады, одан дирменге жібереді .Дирменшілер ұн тартады. - Көрдіндер ме , балалар нанға қаншама аам еңбек етіп , тер төгіп әзірлеген нанды қастерлеуіміз керек . - Осы нан туралы қайсың қандай тілек мейрімді сөз айтасыңдар. - Нан, көп болсын . Еліміз нанға бай болсын. - « Қалың астық көп еңбектің жемісі» – дейді халық . 2-3 рет мақалды қайталау . Балалрдың түсінігін бекіте түсу үшін нанның түрлерінің суретін салуға болады. 	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Ас-атасы нан.

Түсінігі: бірлескен еңбек іс – әрекеті ата – ана мен балаларды жақындастыратынын түсіну.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К.

Күні: _____

Тақырыбы : «Алтын күз».

Мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін кеңейтіп , бұлжыл мезгілінің ерекшелігін бақылату. Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері ,күзгі адамдар еңбегі туралы ойларын грамматикалық формада және байланыстырып сөйлеуге төсілдіру. Табиғатты аялауға , әсемдікті көре білу , сезінуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер : Күзгі аула бағы.

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<p>Тәрбиеші балаларға аулаға саяхатқа баратындарын хабарлайды. Онда неге назар аударатындарын түсіндіреді.</p> <p>-- Қазір қай мезгіл? -- Күз екенін қайдан білдіңдер? -- Неліктен жомарт күз деймі? -- Күздегі адамдар еңбегінен не білесіңдер? -- Күз туралы не білесіңдер?</p> <p>Балалар бақты аралайды , жапырақтарды жинайды , күзгі табиғатты бақылайы. Өздерінің білетін тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтелдерін естеріне түсіреді. Күзгі бақтағы өзгерістерге көңіл бөліп , жапырақтың түстеріне назар аударады.</p> <p>Ойын: Ненің жапырағы? Балалар жинаған жапырақтарын ажыратады .(түсін , пішінін айтады)</p> <p>Тәрбиеші: Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді Жемістерін жинауға , Шақырады біздерді,--деп «Жеміс жинау» ойынын ойнатады. Кім көп жеміс жинайды? Неліктен «Жомарт күз» деп сұрап өзі толықтырады.</p> <p>Тәрбиеші: Балалардан күзгі табиғат көріністері жөнінде сұрайды да, Ш.Ахметовтың « Бұл қай кезде болады? » өлеңінен табиғат құбылысын бейнелейтін сөздерді тапсырма береді? Бұл қай кезде болады? Балалар ызғар, дымқыл, дала сұры,</p>	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p> <p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>

	тайып, сөздері мен сөз тіркестерін бөліп айтып , оның мағынасы жөнінде не білетіндерін айтады. Осылайша әр бала өз ойын еркін айтып , ойын жалғаса береді. Жаңылысқан бала ұтылады , бастаушының шартын орындайды.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Жыл мезгілін суреттей әңгімелей білу.

Түсінігі: бірлескен еңбек іс – әрекеті ата – ана мен балаларды жақындастыратынын түсіну.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Біздің отбасындағы мерекелік дәстүрлер.

Мақсаты: Балаларды өз еліне, жеріне, туған халқына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, ата-баба дәстүрі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<p>-Балалар біз бүгін ауламыздың анасы, даналы сөздің де шебері, ұлтымыздың қолөнерінің де шебері Зере әжейдің үйіне қонаққа барамыз.</p> <p>Қане балалар біз барған соң Зере әжемен қалай амандасамыз.</p> <p>-Амансыз ба әжей.</p> <p>-Сәлем бердік әже т.б</p> <p>Онда бәріміз саяхатқа дайындалайық. (екі- екіден қол ұстасып саппен жүріп) «Бақытты балалық шақ» өлеңімен Зере әженің үйіне барады.)</p> <p>Зере әже алдарынан шығып :</p> <p>-Өркендерің өссін, талаптарың өрлей берсін деп қарсы алады</p> <p>Төрлетіндер балалар! (балалар әженің қасына барып отырады, осы кезде даладан бір бала сүйінші сұрап келеді)</p> <p>-Сүйінші әже, Сүйінші Кіші келініңіз босанды немерелі болдыңыз !</p> <p>Зере әже: О, Айналайын мә сүйіншің жақсылық хабарың үшін міне батам</p> <p>Өмірің ұзақ болсын өркенің өссін балам!</p> <p>Міне «құтты қонақ келсе қой егіз табады» деді атам қазақ. Балалар сендердің қадамдарың құтты болды, дүниеге немерем келді рахмет сендерге.</p> <p>Тәрбиеші: Біз сізді Тәуелсіздік мерекесімен құттықтағалы келген едік жақсылық хабардың үстінен түстік олай болса біздің де сізге сыйымыз бар. Олай болса бір үзіндісін тамашалайық.</p> <p>Айтыс:</p> <p>Ақнұр:</p> <p>Тәуелсіздік тойында</p> <p>Кім айтысар менімен</p> <p>Айтыс-айтыс болады</p>	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p> <p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>

	<p>Айтысқанда теңімен Аяжан: Айтыс-айтыс болады Шықса ақын теңімен Шешен болсаң көрейін Айтысып көр менімен Акнұр: Е-е-ей -Балалар, ал сендер білесіңдер ме , жақын адамдарды қалай атайды?(егер балалар қиындық көрсе, оларға тәрбиеші көмектеседі.) -Оларды туысқандар немесе туыстар деп атайды. -Айтыңдаршы , аға мен апа (әпке) бір – біріне кім болады? (туысқандар) -Ал немере апай? (туысқан) -Ал тәте –әкесінің апасы, сендерге кім?(туысқан) -Ал ағай (немесе ағатай) –әкесінің ағасы? (туысқан) Сергіту сәті: (саусақ гимнастикасы: балалар саусақтарын жұдырықтарына түйеді) Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, ойнайық екеуіміз: Бас бармағым –папам, Балаң үйрек-апам, Ортан терек-ағам, Шылдыр шүмек- мен, Титтей бөбек- сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз!(балалар жұдырықтарын ашып жұмады) -Бүгін мен сабаққа әрқайсыңөз отбасыңның фотосуретін әкелуді сұраған едім. Мен де өз отбасымның суретін әкелдім,ол туралы әңгімелеп беремін. Тәрбиешінің әңгімесі «менің отбасым» Жоспар бойынша тәрбиешінің әңгімесі: 1.Отбасында неше адам? (оларды ата) 2. Олардың әрқайсысы туралы айтыңдар (қайда жұмыс істейді, оқиды, бос уақытында немен айналысады?) 3.Сенің отбасың барлығы жиналғанда не</p>	<p>Балалар педагогті</p>
--	---	--------------------------

	<p>істегенді ұнатады?</p> <p>4. Сен өз отбасыңды неге және не үшін жақсы көресің?</p> <p>- Балалар , сендерге менің әңгімем ұнадыма? Неліктен?</p> <p>- Кімнің маған сұрағы бар? (балалар сұрағына жауап береді)</p> <p>-Ал , қазір сендер өз отбасыларың туралы әңгіме құрастырыңдар (2-3 баланың жауабы , одан соң балалар бір –біріне өз отбас туралы әңгімелейді.)</p> <p>Ойын: «Қай зат кімдікі». (сөздік ойын, мұнда балалар әжесіне , атасына, әпкесіне, ағасына, анасына, апасына тиісті үш затты атауы керек)</p> <p>-Ал балалар , сендер отбасы туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме? (егер білетін болса, онда оларды айтып, түсіндіріңдер)</p>	<p>мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>
--	---	--

Қорытынды: Ата –аналар бұрышына ең жақсы әңгімелерді жазып қою ұсынылады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Менің бауырларым

Мақсаты: тәрбиешінің жоспары бойынша балаларды әңгіме құрауға үйрету; өз отбасы өмірінен кейбір жағдайларды анық, ретті, байланыстыра сипаттай білуге үйрету.

Жабдықтар: «Отбасы» суреті, балалардың отбасылық фотосуреттері, дидактикалық ойын «Бұл кімге тиісті».

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<ul style="list-style-type: none">- Балалар, қарандаршы, мен бүгін сендерге қандай сурет әкелдім. (суретті стендке іледі)- Бұл суретті қалай атайсындар? Неліктен?- Ал сендер жұмбақ шешкенді жақсы көресіңдер ме?- Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер кім туралы айтылғанын табындар. Өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, дәмді тағамдар, тәтті нандар пісіреді, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді.- Бұл кім? (әже)- Оны қалай білдіңдер?- Ал сендердің әжелерің не істей алады? (балалардың жауаптары, тәрбиеші толық жауап беруін талап етеді) Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, дүкенге және базарға барады, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.- Кім бұл? (ата)- Ал сендердің аталарың қандай? (балалар жауаптары) Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам..	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p> <p>Балалар педагогті</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Бұл жұмбақ кім туралы? (ана туралы) - Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар? (Анашым, анатайым). - Аналарың сендерді қалай еркелетеді? (балалардың жауаптары) - Және соңғы жұмбақ.. - Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарады, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады. - Бұл кім? (әке) - Дұрыс. Ал әке не істей алады? (ағаш жарады, футбол ойнайды, т.б). - Ал сендердің әкелерің қандай? (күшті, батыл, мықты,...) 	<p>мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>
--	---	--

Күтілетін нәтиже: отбасы мүшелеріне кімдер кіретінін білу.

Білуі тиіс: кітапты ұқыпты ұстау.

Түсінігі: Әңгімелей білу.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: «Менің атам мен әжем»

Мақсаты:

Үй жануарлары және олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Үй жануарларына байланысты тақпақ, мақал-мәтелдерді, санамақтарды қайталай отырып, сұрақ-жауап арқылы тіл байлығын дамыту. Құрт жасау тәсілін түсіндіру, үлкендерге көмектесудің маңызын айту.

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<p>Балалар бөлмеге кіріп, қонақтармен амандасады.</p> <p>Т: Балалар, айналамызға қарайықшы, біздер бүгін әженің ауылына қонаққа келдік. (Алдарынан әже шығады)</p> <p>Ә: Менің құлыншақтарым келіп қалыпты ғой, сәлеметсіңдер ме балалар?</p> <p>Б: Сәлеметсізбе әже?</p> <p>Т: Әже,біздің балалар аптаның бес күнінде балабақшаға келеді.</p> <p>Ә: Өте жақсы, оларыңыз дұрыс екен, балабақшаға міндетті түрде бару керек.</p> <p>Т: Ал, екі күнін демалады. Қане, балалар, әжеге сол туралы санамақ айтып берейікші.</p> <p>Санамақ</p> <p>Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта, Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта.</p> <p>Ә: Тамаша екен балалар!</p> <p>Т: Әже бүгінгі демалыста сізге қонаққа келіп, үй жануарларын қарауға, сізге үй шаруасына көмектесуге келдік.</p> <p>Ә: Өте жақсы, маған сіздердің көмектеріңіз қажет. Сіздер қандай үй жануарларын білесіңдер?</p> <p>Балалар жауаптары.</p> <p>Ә: Жарайды балалар, олай болса мен сіздерді ертіп үй жануарларын көрсетейін. Міне мал қораға келіп жеттік. Мынау қандай үй жануары?</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтымақпен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p> <p>Балалар</p>

	<p>Б-р: Сиыр, қой, жылқы, түйе. Т: Әже, біздің балалар үй жануарлары туралы тақпақтар біледі. Тақпақтар: Әукешім Әукім, әукім, әукешім, Қасиыншы әукесін Енең әне келеді, Ақ мамасын береді. Аружан Қ. Ботақаным-бөбегім Қара көзің мөлдіреп, Қызықтырмай қоймайды. Жібек жүнің үлбіреп, Қарасам көз тоймайды. Абылайхан Бөрте-лақ Шөре-шөре лағым, Тентек болма, шырағым. Секендеме демінді ал, Селтендемей құлағың Сағыныш</p> <p>Құлыншағым – құндызым Құлыншағым құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтылдаған жұлдызым Құстай қанат қағады. Ерлік</p> <p>Т: Балалар, кім әжеге үй жануарлары туралы мақал-мәтел айтып береді?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қой өрісі қорадан. 2. Қой семізі қойшыдан. 3. Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл көсір. 4. Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ. 5. Ат тұяғын тай басар, 6. Аттан тай озады, атадан бала озады. 7. Жылқы малдың патшасы, түйе малдың патшасы. 8. Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды. <p>Ә: Тамаша балалар! Тақпақтыда, мақал-мәтелдерді көп біледі екенсіңдер. Балалар қараңдаршы, менің жануарларым өте көп, оларды санай алмай басым қатуда. Т: Балалар, әжеге көмектесіп, жануарларын санап берейік. Санамақ:</p>	<p>педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>
--	--	--

	<p>Бір дегенім – баспақ, Бұзауды жүр тастап. Екі дегенім – ешкі Ешкі қойдан есті Үш дегенім – үйрек Жем бер, қолға үйрет Төрт дегенім – тайлақ, Тайлақты қой байлап. Бес дегенім – бие, Құлылына ие. Ә: Балалар, сендердің көмегіңізбен жануарларды санадым. Рахмет. Қараңдаршы, менде әдемі орамал бар. Сонымен ойын ойнайық. Ойын: «Кетті, кетті орамал» Сұрақтар: Мал атасын атаңдар. Түйе атасы – Ойсыл қараша Сиыр атасы – Зеңгі баба Жылқы атасы – Қамбар ата Ешкі иесі – Сексек ата Үй жануарлары қалай дыбыстайды? Бие кісінейді, Түйе боздайды, Қой маңырайды, Сиыр мөңірейді, Мысық мияулайды, Ит үреді, Шошқа қорсылдайды. Төрт түліктің төлдері: Жылқы төлі – құлыншақ Тұяғы жерге ұрыншақ. Сиыр төлі – бұзау, Сүйкімді әрі асау. Түйе төлі – ботақан, Мөлдіреп көзі ойнаған. Қой төлі – қошақан, Өріске қашқан қорадан. Ешкі төлі – лақ, Тыныш тұрмайды ол бірақ.</p> <p>Ә: Жрайсыңдар, Балалар! Ал енді ағаш үйге кіріп, жайғасып отырайық. Балам, қолға су құйып маған көмектесе ғой. Балалар, отырады.</p>	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>
--	--	--

	<p>Т: Әже, біздің балалар үй жануарларының келтірер пайдасын біледі.</p> <p>Ә: Кәне, айта қойыңдар, мен тыңдап көрейін. Балалар жауаптары.</p> <p>Ә: Балалар, сіздер үй жануарлары туралы көп біледі екенсіңдер. Мына шұбаттан сендерге құйып берейін. Ал мен бүгін құрт дайындап отыр едім, сіздер маған көмектесесіңдер ме? Құртты жасау тәсілін айта кетейін:</p> <p>Үлкен қазанның түбіне май жағып сүтті құйып қайнатады.</p> <p>Енді алдарыңызда қайнатылған құртты алып, алақанмен сықпалап құртты дайындайық.</p> <p>Балалар құрт жасайды.</p> <p>Ә: Рахмет, сіздерге, балалар. Сіздердің көмегіңізбен құртта дайын болды. Енді құртты кептіруге қоямыз.</p> <p>Т: Балалар, сіздерге әженің ауылына қонаққа келген ұнады ма? Әженің ауылында қандай қызық көрдік?</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Балалар қонақтарға жасаған құрттарын ұсынады.</p> <p>Қонақтармен қоштасады.</p>	
--	---	--

Күтілетін нәтиже: отбасы мүшелеріне кімдер кіретінін білу.

Білуі тиіс: отбасы мүшелерін; ата – әжесін, әке – шешесін, баырларын құрметтеу керек екенін, есейгеннен кейін ата – анасына қамқорлық жасап, көмек көрсету парызы екенін білу.

Түсінігі: бірлескен еңбек іс – әрекеті ата – ана мен балаларды жақындастыратынын түсіну.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Менің отбасым

Мақсаты: тәрбиешінің жоспары бойынша балаларды әңгіме құрауға үйрету; өз отбасы өмірінен кейбір жағдайларды анық, ретті, байланыстыра сипаттай білуге үйрету.

Жабдықтар: «Отбасы» суреті, балалардың отбасылық фотосуреттері, дидактикалық ойын «Бұл кімге тиісті».

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<p>Әңгіме.</p> <ul style="list-style-type: none">- Балалар, қараңдаршы, мен бүгін сендерге қандай сурет әкелдім. (суретті стендке іледі)- Бұл суретті қалай атайсыңдар? Неліктен?- Ал сендер жұмбақ шешкенді жақсы көресіңдер ме?- Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер кім туралы айтылғанын табыңдар. <p>Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, дәмді тағамдар, тәтті нандар пісіреді, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді.</p> <ul style="list-style-type: none">- Бұл кім? (әже)- Оны қалай білдіңдер?- Ал сендердің әжелерің не істей алады? (балалардың жауаптары, тәрбиеші толық жауап беруін талап етеді) <p>Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, дүкенге және базарға барады, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.</p> <ul style="list-style-type: none">- Кім бұл? (ата)- Ал сендердің аталарың қандай? (балалар жауаптары) <p>Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам..</p>	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p> <p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Бұл жұмбақ кім туралы? (ана туралы) - Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар? (Анашым, анатайым). - Аналарың сендерді қалай еркелетеді? (балалардың жауаптары) - Және соңғы жұмбақ.. - Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарды, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады. - Бұл кім? (әке) - Дұрыс. Ал әке не істей алады? (ағаш жарады, футбол ойнайды, т.б). - Ал сендердің әкелерің қандай? (күшті, батыл, мықты,...) - Балалар, ал сендер білесіңдер ме, жақын адамдарды қалай атайды? (Егер балалар қиындық көрсе, оларға тәрбиеші көмектеседі) - Оларды туысқандар немесе туыстар деп атайды. - Айтыңдаршы, аға мен апа (әпке) бір-біріне кім болады? (туысқандар) - Ал немере апай? (туысқан) - Ал тәте-әкесінің апасы сендерге кім? (туысқан) - Ал ағай (НЕМЕСЕ ағатай) – әкенің ағасы? (туысқан) <p>Сергіту сәті: (саусақ гимнастикасы: балалар саусақтарын жұдырықтарына түйеді)</p> <p>Бір үйде біз нешеуміз? Кел, ойнайық екеуміз: Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – апам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен,</p>	<p>жауап беруге тырысады.</p>
--	---	-------------------------------

Титтей бөбек – сен.

Біз үйде нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз! (балалар жұдырықтарын ашып, жұмады)

- Бүгін мен сабаққа әрқайсың өз отбасыңның фотосуреттерін әкелуді сұраған едім. Мен де өз отбасымның суретін әкелдім, ол туралы әңгімелеп беремін.

Тәрбиешінің әңгімесі «Менің отбасым».

Жоспар бойынша тәрбиешінің әңгімесі:

1. Отбасында неше адам? (оларды ата).
2. Олардың әрқайсысы туралы айтыңдар (қайда жұмыс істейді, оқиды, бос уақытында немен айналысады)
3. Сенің отбасың барлығы жиналғанда не істегенді ұнатады?
4. Сен өз отбасыңды неге және не үшін жақсы көресің?
 - Балалар, сендерге менің әңгімем ұнады ма? Неліктен?
 - Кімнің маған сұрағы бар? (балалар сұрағына жауап береді)
 - Ал қазір сендер өздерің өз отбасыларың туралы әңгіме құрастырыңдар (2-3 баланың жауабы, одан соң балалар бір-біріне өз отбасы туралы әңгімелейді). Ойын «Қай зат кімдікі» (сөздік ойын, мұнда балалар әжесіне, атасына, анасына, әкесіне, апасына, әпкесіне тиісті үш затты атауы керек)
 - Ал балалар, сендер отбасы туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме? (егер білетін болса, онда оларды айтып, түсіндіреді)

	<p>Тәрбиеші отбасы туралы мақал-мәтел айтады және балалармен бірге талдайды.</p> <p>Ақылды қария – ағып жатқан дария.</p> <p>Ат – балаға сыншы.</p> <p>Әдепті бала – арлы бала,</p> <p>Әдепсіз бала сорлы бала.</p> <p>(егер балалар қиындық көрсе, оларға тәрбиеші көмектеседі)</p>	
--	--	--

Сабақ қорытындысы. Ата-аналар бұрышына ең жақсы әңгімелерді жазып қою ұсынылады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Соқыр теке ойыны

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсарту да пайдалы аса күшті екені қилы. Ұлттық ойындар ата-бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

Іс әрекет кезеңдері	Педагогтың іс - әрекеті	Балалардың іс әрекеті
	<p>Соқыртеке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ Соқыртеке бақ-бақ Мені іздеп тап-тап Деп тақтақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. Сақина жасыру. Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде» деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.</p>	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p>

Соқыртеке ойыны күнделікті ойнату.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні:

Білім беру саласы: Қатынас.

Білім көздері: Қоршаған дүниемен таныстыру

Тақырыбы: Отбасым.

Мақсаты:

1. Отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу.
2. Отбасы мүшелерін атай білуге және олармен дұрыс қарым – қатынас жасауға үйрету.
3. Ұйымшылдыққа және үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: әке, ана, ата, әже, аға, іні, әпке, сіңілі.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Е.Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін оқу. Атамнан басталар, Әжемнен қосталар, Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар – Әкем және анам бар, Бір туған анам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін	Өлең сөздерін бірге қайталайды. Отбасы мүшелерін атайды.
Ізденістер. ұйымдастыру	<ol style="list-style-type: none">1. Балаларға ата – анасын, ересектерді тыңдап, кішкентайларға қамқорлық жасау керектігін түсіндіреді.2. Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңі оқылады. «Отбасы дегеніміз – әкесі, анасы, олардың балалары мен ата, әжесі» деген бала ұғымына сай анықтамаға түсінік береді. Отбасы мүшелерін бір – біріне деген сыйластық, бауырмалдық, біріктіретіндігін, олардың бір үйде тұратындығы, бірге үй шаруасымен айналасатындығын, бос уақыттарын бірге өткізетіндігін әңгімелейді. Сондай – ақ отбасындағы мерекелер мен сақталатын дәстүрлер , отбасындағы	Балалар тыңдайды. Өз отбасындағы сыйластық туралы әңгімелейді. Тәрбиешінің айтқандарын тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыс жаттығуын жасайды.

	<p>ересектердің мамандықтары туралы айтылады.</p> <p>3. Сергіту сәтін өткізу. Орнымыздан тұрайық Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып Жақсы сергіп қалайық.</p> <p>4. Әліппе – дәптермен жұмыс</p> <p>5. Тапсырмалар: 1. Өзің туралы айтып бер. 2. Суретте бейнеленген отбасы мүшелерін ата. 3. Отбасы мүшелерінің іс – әрекеті туралы әңгіме құрастыру.</p> <p>6. «Бізде былай, ал сіздерге ше?» дидактикалық ойыны</p>	<p>Өлең мазмұнына қарай сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді, әңгімелейді.</p> <p>Дидактикалық ойынды ынтамен ойнайды.</p>
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	<p>Сұрақ – жауап әдісі арқылы сабақты қорытындылайды.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз отбасында кімдермен тұрасың? 2. Атай, әжеймен қалай дұрыс амандасу керек? 3. Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеуің керек? 	Балалар отбасындағы өздері атқаратын іс – әрекеттерді әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже: отбасы мүшелеріне кімдер кіретінін білу.

Білуі тиіс: отбасы мүшелерін; ата – әжесін, әке – шешесін, баырларын құрметтеу керек екенін, есейгеннен кейін ата – анасына қамқорлық жасап, көмек көрсету парызы екенін білу.

Түсінігі: бірлескен еңбек іс – әрекеті ата – ана мен балаларды жақындастыратынын түсіну.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Білім беру саласы: Таным

Білім көздері: Экология негіздері.

Тақырыбы: Туған өлкем.

Мақсаты:

1. Туған өлкенің табиғатын бағалай білу туралы халық болжамдары жөнінде түсінік беру.
2. Экологиялық белгілермен таныстыру, оларды естеріне сақтату.
3. Табиғатты қорғауға баулу.

Сөздік жұмыс: жас өндірі, қайнар көзі, т.б.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы түн! Сәлеметсіңдер ме, балалар?	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
Ізденістер. ұйымдастыру	1.Балалармен бірге балабақша ауласына мақсатты серуен ұйымдастыру. 2.Табиғатқа байланысты халық болжамдарын оқып беріп, үш дауыста қайталату тәсілілін қолданып жаттату. 3.Жылдың әрбір мезгіліне сәйкес, табиғат құбылыстарындағы өзгерістерді байқау арқылы өмірге келген халықтық болжамдар туралы түсінік беру. Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. Тұман түссе, күн жылынады. Аспанда жұлдыз көп болса, күн суытады. Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады. Қайыңнан аққан шырын көп болса, жаз жаңбырлы болады. Түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады. 1.Сергіту жаттығуын өткізу.	Серуенге шығады. Халық болжамдарын қайталап айту арқылы есте сақтау қабілетін дамытады. Қыс мезгілінің қарлы болуын бақылату. Халық болжамының мағынасын түсіндіру. Өлең мазмұнына сәйкес

	<p>Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Кергелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. 1.Экологиялық белгілермен таныстыру. .Сурет бойынша балалардың әрекеттеріне пікірлерін білдірту. 4.Тыйым сөздерді оқып, мағынасын түсіндіру. 5Суретшінің қатесін тапқызу</p>	<p>қимылдар жасайды.</p> <p>Суретке қарап әңгіме құрастырады.</p> <p>Табиғат құбылыстарын бақылап көреді.</p>
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	«Халық айтса, қалт айтпайды» деген мақалды қайталау, мағынасын түсінтіру.	Халық болжамдарын қайталап, мағынасын түсінеді.

Күтілетін нәтиже: халық болжамдарын қайталау арқылы табиғаттың ғажайып сырын түсіне білу, сөздік қорларын дамыту.

Білуі тиіс: туған өлкенің табиғатын қорғау туралы халық болжамдарын білу.

Түсінігі: табиғи құбылыстардың бір-біріне әсерін, байланысын түсіну.

Көрсете білуі: халық болжамдарын өз тәжірибелерінде бақылау жасау арқылы көз жеткізу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: « Жыл құстары»

Мақсаты: 1.Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру;

2.Сабақ барысында орындатылған тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту;

3. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: *құстар, ұя.*

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері:қыстап қалатын құстар суреті, ұнтаспаға жазылған құстар үні.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалар іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі.	<p>Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне құстардың атына байланысты еркелетіп айтатын сөздер айтады:</p> <ul style="list-style-type: none">- Көгершінім- Балапаным- Қарғам- Қарлығашым- Тотым <p>Қыс мезгілінің өзгерістерін сұрақ-жауап арқылы суреттеу, әңгімелеу.</p> <p>Балалар жауаптарын тыңдалып, педагог олардың жауаптарымен қорытындылайды.</p> <p>«Құстар қалай қыстайды?» деген ертегіні оқып беру.</p> <p>«Құстарға көмек» тақырыбында әңгіме құрастыру. Тірек сөздер: жемшашар, суықтан тонған құс, сарышымшықтар, жем салды.</p> <p>Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p><i>Сарышымшық – сұр, қоңыр түсті, бауыры сары, қауырсынды кішкентай құс.</i></p> <p>Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекеті балалардың алған білімдері пысықталады.</p>	<p>Балалар шеңберге тұрады.</p> <p>Балалар тәрбиеші айтқанын мұқият тыңдайды</p>

Қорытынды: Балалармен сұрақ-жауап арқылы әңгіме мазмұнын және сабақтан алған білімдерін және түсініктерін пысықтау.

Білуі: Қыстап қалатын құстар.

Үйренуі: Қыстап қалатын құстар тіршілігіне көмек.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Жасыл дәріхана.

Мақсаты: 1. Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру.

1. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажеттігі мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету.
2. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: итмұрын, жолжекен, түймедағы, және т.б.

Іс – әрекет бөлімдері	Педогогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қолдарындағы әдемі жүрек ойыншықтарды бір-біріне беріп тұрып, тілектерін айтады.	Жылы сөздер айту арқылы амандасады.
Ізденістер. ұйымдастыру	<p>М. Жаманбалиновтың «Итмұрын тергенде» өлеңін мәнерлеп оқып беру.</p> <p>Балалармен жасыл дәріханаға серуен ұйымдастыру. Дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Неге «дәрілік» өсімдіктер деп аталатынын түсіндіру.</p> <p>Балаларды дәрілік өсімдіктерден жасалған крме шақырып, қай өсімдікті қандай ауруға пайдаланатынын туралы түсіндіру. Мысалы: түймедағы гүлін тамақты шайқауға пайдаланады т.б. Дәрілік өсімдіктерді белгілі бір мерзімде жинау керек екендігі және оны жинау кезінде басқа өсімдіктерге зиян келтірмей белгілі мөлшерде ғана жинау керек екендігін түсіндіру. Балаларды дәрілік өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. Сергіту сәті.</p> <ol style="list-style-type: none">1. Дәрілік өсімдіктердің тағы басқа қандай түрлерін білесіңдер?2. Өздерің тұратын жерде өсетін дәрілік	<p>Балалар өлеңді мұқият зейін қойып тыңдайды.</p> <p>Балалар дәрілік өсімдіктерді зер сала қарап, көреді, түсінеді.</p> <p>Дәрілік өсімдіктердің жинау мерзімін біледі.</p> <p>Ойынға барлық бала белсене қатысады, дәрілік өсімдіктер мен бөлме өсімдіктерін ажыратады.</p>

	<p>өсімдіктердің түрін атаңдар?</p> <p>3. Жолжелкеннің қандай пайдасы бар?</p> <p>4. Суреттегі өсімдіктерді боя.</p> <p>Д/о: «Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат»</p>	
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	Тамақ ауырғанда қандай шөптер пайдалану керек? Дәрілік өсімдіктерді қалай жинайды екен?	Балалар сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже: Дәрілік өсімдіктерді пайдасы мен зиянын ажырата алу.

Білуі тиіс: Емдік қасиеті бар өсімдіктердің пайдасын білу.

Түсінігі: Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктердің пайдасын түсіну.

Көрсете білуі: берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

	<p>т.б.</p> <p>Сергіту сәтін өткізу.</p> <p>Көтереміз қолымызды, Созыламыз жоғары. Бір, екі, үш, Денеңді солға бұр. Қолыңмен көмектесіп, Беліңдер шынықтар.</p> <p>Әліппе-дәптермен жұмыс.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттегі мамандықтар туралы әңгімелеу. 2. Сурет бойынша шахтер мамандығының қыр-сырын түсіндіру. 3. «Кім болам?» дидактикалық ойыны. Шарты: балаларға болашақта қандай мамандық иелері болатындығын және елге қандай пайда келтіретіндіктерін әңгімелету. 	<p>Жалпы дамыту жаттығуларының 1-2 түрін орындайды.</p> <p>Суретпен белсенді жұмыс істейді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалардың үлгі жауабы: - Мен болашақта архитектор боламын. Архитектор сәулетті ғимараттарды жасайды. Өзім тұрған ауылыма (қалама) салынатын әдемі, биік үйлердің жобасын сызамын.</p>
<p>Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау</p>	<p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қандай мамандарды білесіңдер? 2. Дәрігер не істейді? 3. Жақсы мамандық иесі болу үшін не істеу керек? 	<p>Балалар ата – аналардың мамандықтары жөнінде әңгімелейді.</p>

Күтілетін нәтиже: мамандықтар туралы түсінігін нығайту.

Білуі тиіс: пайдалы қазбалардың алыну жолдарын білуі.

Түсінігі: жанар майлар бар жерлерде сақтық ережелерін сақтау.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгімелеп беру.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Білім көздері: Айналамен таныстыру.

Тақырыбы: Құстардың қысқы тіршілігі.

Мақсаты: 1. Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру.

2. Дәптердегі тапсырмаларды орындату арқылы өз бетімен жұмыс жасауға баулу.

3. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасап үйрету

Іс – әрекет бөлімдері	Педогогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Бінталандыру. Сезімді ояту	Үнтаспадан сайраған құстар әуенін тыңдату.	Құстарды дауысынан танып айтады.
Ізденістер. ұйымдастыру	1.Слайд немесе плакаттан құстарды көрсету. Құстар тіршілігі туралы әңгімелеу. 2.Жыл құстары және қыстап қалатын құстар туралы әңгімелеу: - Күннің суытып, жәндіктердің көпшілігі қырылып қалады, кейбір жәндіктер ағаштардың қуыстарына тығылады. Осылайша құстардың жемі азаяды. Осыған байланысты құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жыл құстарына жабайы үйрек, тырна, көкек, ұзақ, қарлығаш, қараторғай, т.б. жатады. Құстардың бір бөлігі күзде ұшып кетпей, сол жерде қыстап қалады. Оларды қыстап қалатын немесе отырықшы құстар деп атайды. Отырықшы құстарға: қарға, көгершін, торғай, көкшымшық, тоқылдақ, т.б. жатады. 3.Дәптермен жұмыс.	Балалар тындайды, түсінбегендерін сұрайды, сұрақтарға жауап береді.
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	Сабақта алған білімдерін пысықтауға арналған сұрақтар: 1. Өзің білетін жыл құстарын ата. 2. Құстар немен қоректенеді? 3. Құстар не себепті жылы жақтарға ұшып кетеді? 4. Құстар табиғатқа, адамға	Сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарны толықтырып айтады.

	қандай пайдасын тигізеді?	
--	---------------------------	--

Күтілетін нәтиже: жыл құстары мен қыстап қалатын құстар туралы білімдерінің болу.

Білуі тиіс: қыстап қалатын құстарға қамқор бола білу.

Түсінігі: жыл құстары мен отырықшы құстардың тіршілігіндегі айырмашылығын түсіну.

Көрсете білуі: тапсырмаларды дұрыс орындап түсіндіру.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Жануарлардың қысқы тіршілігі

Мақсаты: Білім көздері: Қоршаған дүниемен таныстыру

Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру.

1. Балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру.

2. Табиғатқа деген қызуғушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс: қуыс, апан, ін, үйір.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Бінталандыру. Сезімді ояту	Ормандар, жап – жасыл ормандар, Орманды отаушы болмаңдар! Отан мен орман жұп, бір ұғым, Орманды, Отанды қорғандар!	Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтып, амандасады
Ізденістер. ұйымдастыру	1. Педагог жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсіндіреді. Мысалы: - Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігінде біраз қиындықтар туындайды. Сондықтан кейбір жануарлар қысқы азық жинайды. Мысалы: тиін ағаштың қуысын мекен етеді. Тиінге ағаштармен тез өрмелеуге аяқтары көмектеседі. Ол жаз бойы саңырауқұлақ, жаңғақтарды ағаш қуыстарына жинайды. Қыста соларды қорек етеді. 2. «Дауысынан таны» дидактикалық ойыны. Шарты: аудиотаспадан әртүрлі жануарлардың дауыстарын тыңдатып, олардың атын атату. Сонан соң сол жануардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Педагог балалардың жауаптарын толықтырып , жаңа мәліметтер береді: - Тоқылдақ қыс бойы ағаш діңінде тығылған құрттарды тұмсығымен теріп жейді. Ол ағаш діңін апшыған кезінде құрттардың біразы жерге түседі. Қар бетіне түскен құрттармен шымшық, торғайлар қоректенеді. Орманнан тоқылдақтың «тоқ-тоқ» деген дыбысын жиі естуге	Балалар тыңдайды. Түсінбегендерін сұрайды. Суретке қарап әңгіме құрастырады. Балалар жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелейді. Тыңдайды. Түсінбегенін

	<p>болады.</p> <p>- Аю қысқы ұйқыға кетеді. Ол жаз бойы табанына жинаған майын жалап жатады.</p> <p>- Қасқыр, түлкі – жыртқыш аңдар. Олар өздерінен әлсіз жануардарды ұстап қоректенеді.</p> <p>- Сұр қоян қыста түсін өзгертеді. Аппақ қоян болып ағаш бұтақтарын кеміріп күнелтеді.</p> <p>3. Сергіту сәті: Музыка әуенімен жануарлардың қималын келтіріп билейді. Қоян сияқты секіреді, түлкі сияқты денелерін қимыл – қозғалысқа келтіреді.</p> <p>4. «Жануарлар тіршілігі» дидактикалық ойыны. Педагог балалардың жауаптарын толықтырып тұрады.</p>	<p>сұрайды.</p> <p>Би қимылдарын орындайды.</p> <p>Үлгі жауап: Аю апанын қысқы ұйқыға кетеді...</p>
<p>Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау</p>	<p>Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдерін қорытындылайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жабайы аңдарды ата. 2. Қоян қыста түсін қандай түске ауыстырады. 	<p>Балалар жабайы аңдар мен үй жануарларын салыстырып айтады.</p>

Күтілетін нәтиже: ормандағы аңдардың қысқы тіршілігін ұғыну.

Білуі тиіс: Табиғатқа деген қызығушылығын білдіру.

Түсінігі: туған өлкенің жануарларын қамқорлыққа алу сезімін ояту.

Көрсете білуі: сурет бойынша әңгімелеу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Білім көздері: Қоршаған дүниемен таныстыру

Тақырыбы: Жаңа жылым келді .

Мақсаты:

1. Балалардың қыс мезгілінің туралы түсініктерін арттыру.
2. Қыста ойналатын ойындар қыс қызығын арттыра түсетінін түсіндіру.
3. Қысқы ойындардың пайдасын түсіндіру арқылы спортты сүйеге баулу.

Сөздік жұмыс: қар кесегі, аққала.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Бінталандыру. Сезімді ояту	«Сырғанақ» өлеңі оқылады. Сырғанаққа мағымбыз, Шыныққанбыз, шымырмыз. Таудан төмен сырғанап, Біз тебеміз сырғанақ.	Балалар бірге қосылып айтады.
Ізденістер. ұйымдастыру	1. Педагогтің тапсырмасы: - Аспанды сұр бұлт қаптап, жерді ақ ұлпа қар басты. Өзендерде мұз қатып, айнала ертегідей тыныштыққа бөленді. Күннің суығына қарамастан балалар шана, коньки теуіп, қар атысып ойнап жүр. Қай мезгіл туралы айтылды? 2. Педагог қыс мезгілінде болатын құбылыстарға тоқталады. Әр айдың ерекшелігін айта келсе, қысқы ойындар туралы түсінік береді. Мысалы: - Қаңтар мен ақпан айларында ауа райы суық болады. Қаңтар – қыс шатыры. Қыстың үш айы қандай суық болған күнде де адамдар мұзайдында конькимен сырғанайды, шаңғы шана тебеді. Қар кесектерін домалатып, аққала жасайды. 3. «Қысқы ойындар» дидактикалық ойыны. Шарты: балалар бір-бірден қоржын ішінен қысқы ойын түрлері бейнеленген суретті тауып, оны тақтаға жапсырады. Сонан соң	Балалар қыс қызығын өз беттерінше әңгімелейді. Қыс мезгілі туралы пікірлерін айтады. Сурет бойынша әңгімелейді.

	<p>сурет бойынша қысқы ойын түрлері туралы әңгімелейді.</p> <p>4. Сергіту сәтін өткізу. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.</p> <p>5. Қысқы мереке туралы әңгіме өткізу: - Жаңа жыл мерекесі. - Шыршаны безендіру.</p> <p>6. Жұмбақ шешу. Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп жатады. (Мүз)</p>	<p>Өлең жолдарын қайталып, жаттығу жасайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. Шыршаны ойыншықтармен безендіреді.</p> <p>Жұмбақтың жауабын айтады.</p>
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	<p>Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қыс мезгілінің айларын ата. 2. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап бер. 3. Қандай қысқы ойындарды білесіңдер? 4. Қыс мезгілін не үшін жақсы көресіңдер? Пікірлеріңді білдіріңдер. 	Балалар қыстың ерекшелігіне тоқталады.

Күтілетін нәтиже: қыс мезгілінің ерекшелігін білуі.

Білуі тиіс: жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін толықтыру. Қардың қайдан пайда болғанын білу.

Түсінігі: табиғатты аялау, қорғау керектігін түсіну.

Көрсете білуі: суретке қарап әңгіме құрай білу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

	<p>түрлері туралы әңгімелейді.</p> <p>4. Сергіту сәтін өткізу. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.</p> <p>5. Қысқы мереке туралы әңгіме өткізу: - Жаңа жыл мерекесі. - Шыршаны безендіру.</p> <p>6. Жұмбақ шешу. Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп жатады. (Мүз)</p>	<p>Өлең жолдарын қайталып, жаттығу жасайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. Шыршаны ойыншықтармен безендіреді.</p> <p>Жұмбақтың жауабын айтады.</p>
<p>Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау</p>	<p>Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:</p> <p>5. Қыс мезгілінің айларын ата.</p> <p>6. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап бер.</p> <p>7. Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?</p> <p>8. Қыс мезгілін не үшін жақсы көресіңдер? Пікірлеріңді білдіріңдер.</p>	<p>Балалар қыстың ерекшелігіне тоқталады.</p>

Күтілетін нәтиже: қыс мезгілінің ерекшелігін білуі.

Білуі тиіс: жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін толықтыру. Қардың қайдан пайда болғанын білу.

Түсінігі: табиғатты аялау, қорғау керектігін түсіну.

Көрсете білуі: суретке қарап әңгіме құрай білу

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Қысқы еңбек.

Мақсаты:

1. Балалардың қыс мезгілінде орындалатын еңбек түрлері туралы түсініктерін толықтыру.
2. Қысқы еңбек түрлерінің пайдасын түсіндіру.
3. Қысқы еңбектің пайдасын түсіндіру арқылы еңбексүйгіштікке баулу.

Сөздік жұмыс: қарды күреу, қар тоқтату, құрғақшылық, ылғал.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Бінталандыру. Сезімді ояту	1. Шеңбер жасап тұрып, музыканың сүйемелдеуімен «қар күреу» жаттығуын орындатады.	Жаттығуды би қимылына келтіріп орындайды.
Ізденістер. ұйымдастыру	2. Педагогтің жаңа сабақты түсіндіруі. Қысқы еңбек түрлерімен таныстырады және оларды кімдер атқаратынын айтып түсіндіреді. - Қыстыгүні көше мен аулалардың қарын күреп тазалау, ал ауылда егістік алқаптарында қар тоқтату жұмыстары жүргізіледі. Қала көшелерінде машиналардың жеңіл әрі жылдам жүруі үшін адамдар машиналармен қарды күреп тазалайды. Құрғақшылық жиі кездесетін аймақтарда қар тоқтату әдісі қолданылады. Қар тоқтату – топырақта ылғалдық біршама қорын жинап, егіс өнімділігін артыратын жұмыс түрі. 3. Сурет бойынша «Қысқы еңбек» тақырыбында балаларды қатыстырып, әңгіме жүргізіледі. 4. Сурет бойынша малды күтіп-баптау жұмыстары туралы түсіндіріледі. 5. «Артығын тап» дидактикалық ойыны. Шарты: суреттен еңбек құралдарын тауып, оларды қоршап сызады. Артық заттарды тауып айтады: шана, шаңғы,	Мұқият тыңдайды, түсінбегендерін сұрайды, сұрақтар қояды. Сурет бойынша қысқы еңбек туралы әңгімелейді. Сурет бойынша қысқы еңбек түрлері туралы әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді. Заттардың не үшін артық болып қалғанын түсіндіреді.

	малақай.	
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	Сабақта алған білімдерін пысықтайды.	Қысқы еңбек туралы қойылған сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже: қыс мерзімінде атқарылатын жұмыс түрлерін білу.

Білуі тиіс: қысқы еңбек түрлерін атап беруі тиіс

Түсінігі: қысқы еңбектің пайдасын білу.

Көрсете білуі: ауланың қарын күреу, үй жануарларына қамқорлық жасау.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Қызыл кітап құпиясы.

Мақсаты:

1. Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру.

3. Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру.

4. Табиғатты аялауға баулу.

Сөздік жұмыс: сындырылған ағаш, саны сиреп бара жатқан жануарлар, өсімдіктер.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Балалар өлең жолдарын қайталап, бір-бірімен амандасады.
Ізденістер. ұйымдастыру	<p>1. Қызыл кітап туралы түсінік беру.</p> <ul style="list-style-type: none">- Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не хойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. <p>2. Сергіту сәтін өткізу. Көбелек те, гүл де бір Қызыл-жасыл күллі өңір. Аспан төрі ақша бұлт, Бау-бақшада барша жұрт. Саңқылдаған саз әні, Көлде құстың базары.</p> <p>3. Әліппе-дәптермен жұмыс.</p> <ul style="list-style-type: none">- Дәптерде бейнеленген Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың аттарын атайды.	<p>Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.</p> <p>Өлеңге қосылып, сергіту жаттығуын жасайды.</p>

	- Қызыл кітапқа енген құстарды туып, оларды бояу.	
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	4. «Қызыл кітап» дидактикалық ойыны. 5. Педагог сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы балалардың сабақта алған білімдерін пысықтайды.	

Күтілетін нәтиже: туған өлке табиғаты туралы түсініктерін жетілдіру.

Білуі тиіс: табиғат жанашыры туралы ұғымы болуы.

Түсінігі: жануарлар мен өсімдіктерді қорғау.

Көрсете білуі: жануарларға қамқорлық көрсету, өсімдіктерді күтіп-баптау.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Нан дастарқанға қалай келеді? қайталау

Мақсаты:

1. Диқаншылардың еңбегі туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру.
2. Өсімдікке өсіп-өну үшін ауа, су, жарық, жылу қажеттілігін түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту.
3. Диқан еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: егін, қырман, диірмен, комбайн.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Бінталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Әрқашан аман болайық, Елімізде тыныштық болсын. Бейбітшілік болсын, Нанымыз көп болсын.	Балалар жақсы тілекпен амандасады.
Ізденістер. ұйымдастыру	<ol style="list-style-type: none">1. Ә.Ахметовтың нан туралы өлеңін оқиды, мазмұныны түсіндіреді.2. Нанның дастарқанға дейін келу жолын әңгімелеу. Бұл жерде жаңа сөздерге сөздік жұмысын жүргізу.3. Сергіту сәтін өткізу. Музыка әуенімен би қимылдарын жасау.4. Нан туралы мақалдардың мағынасын түсіндіру. Нан – тамақтың атасы, Бінтымақ – көптің батасы.5. Әліппе-дәптермен жұмыс.<ul style="list-style-type: none">- Сурет бойынша нанның дастарқанға келу жолын әңгімелеу.- Тыйым сөздерді оқып, олардың тәрбиелік мағынасын түсіндіру.	Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады. Өлеңге қосылып, сергіту жаттығуын жасайды.

	- Жұмбақтың шешуін тапқызу. Шешуі бойынша сурет салдырту.	
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	Сабақта алған білімдерін төмендегі сұрақтардың көмегімен пысықтау: <ol style="list-style-type: none"> 1. Нан дастарқанға қалай келеді? 2. Нанды не үшін қастерлеу керек? 3. Нан туралы қандай мақалдар білесіңдер? 	Нан туралы өлең, мақал-мәтел айтады.

Күтілетін нәтиже: диқан еңбегін бақылау.

Білуі тиіс: нанның дастарқанға келуі жолын білу.

Түсінігі: диқандардың еңбегін түсініп, құрметтей білу.

Көрсете білуі: суретке қарап әңгіме құра білу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Білім көздері: Қоршаған дүниемен таныстыру

Тақырыбы: Табиғат бұрышындағы тіршілік (өсімдіктер мен жануарлар)

Мақсаты:

1. Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру.
2. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту.
3. Табиғат бұрышындағы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу.

Сөздік жұмыс: табиғат бұрышы, атжалман, қоректендіру.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Біздер тату баламыз, Гүл-гүл жайнап аламыз. Жаттығулар хасайық, Жақсы сергіп қаламыз.	Балалар шеңбер болып жаттығу жасайды.
Ізденістер. ұйымдастыру	1. Педагог балабақша, мектептегі табиғат бұрышы туралы мағлұмат береді. 2. Сөздік жұмысын жүргізу. Атжалман – жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан. Қоректендіру – тамақтандыру (жануарларға қатысты). 3.Сергіту сәтін өткізу. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.	Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады. Өлеңге қосылып, сергіту жаттығуын жасайды.
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	Сабақта алған білімдерін төмендегі сұрақтардың көмегімен пысықтау: 1.Табиғат бұрышындағы	Балалар табиғат бұрышындағы еңбек іс-әрекеттерін айтады.

	өсімдіктер мен жануарларға қандай қамқорлық қажет? 1. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді ата. 2. Аквариумдағы балықтарды қалай күтеді?	
--	--	--

Күтілетін нәтиже: Табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптау.

Білуі тиіс: жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау.

Түсінігі: жануарлар мен өсімдіктер пайдасы.

Көрсете білуі: сабақ барысында тапсырмаларды орындай білу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Киіз үй жабдықтары

Мақсаты:

1. Киіз үй жабдықтарымен танысу.
2. Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын, балаларды есте сақтау қабілеттерін дамыту.
3. Атадан-балаға мйрас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу.

Сөздік жұмыс: абажа, кебеже, әбдіре, асадал.

Іс – әрекет бөлімдері	Педогогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ізденістер. ұйымдастыру	<p>1. «Киіз жабдықтары» тақырыбын көрнекілік әдісі арқылы түсіндіреді. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық.</p> <p>Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.</p> <p>Шаңырақ – киіз үй уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.</p> <p>Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.</p> <p>Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады.</p> <p>Үй жиһаздары:</p> <p>Абажа – тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі.</p> <p>Кебеже – ағаштан жасалған үй жиһазы.</p> <p>Әбдіре – үлкен сандық.</p> <p>Ағаш төсек – жату үшін пайдаланылатын жиһаз.</p>	Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады.

	<p>Асадал – тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже.</p> <p>Адалбақан – киім ілуге арналған жиһаз.</p> <p>Төсеніштер: алаша, киіз, сырмақ.</p>	
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	Сабақта алған білімдерін сұрақтардың көмегімен пысықтау.	Балалар киіз үй қаңқасын, ішіндегі заттарын айтады.

Күтілетін нәтиже: киіз үй жабдықтары.

Білуі тиіс: киіз үй жабдықтарының аталуы.

Түсінігі: киіз үйдің қазақ халқының тұрмысындағы пайдасы.

Көрсете білуі: сабақ барысында тапсырмаларды орындай білу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Ана – біздің гүліміз

Мақсаты: 1. Отбасындағы ананың рөлі туралы түсінік беру.

1. Балалардың өздеріне аналары жайлы әңгімелету арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық туралы түсінік.
2. Ананы қадірлеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: құттықтау, тілек.

Іс – әрекет бөлімдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру, аналары туралы жылы сөздер айтқызу.	Балалар шеңбер болып жаттығу жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	<ol style="list-style-type: none">1. Ана туралы ән тыңдату. Әннің кімге арналғанын сұрау.2. Педагогтің түсіндіруі. Ана мен бала, отбасы жайлы.3. Ана туралы мақал-мәтелдің мағынасын ашу. Ананың сүті – бал, Баланың тілі – бал.4. Дәптердегі ана туралы өлең оқытылады. Өлең мәтініндегі кейбір сөздерге сөздік жұмысы жасалады.5. Дәптерге аналарына арнатып құттықтау хат дайындайды. Құттықтау хатқа не салу керектігіне кеңес беру.	Балалар педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап беруге тырысады. Өлеңге қосылып, сергіту жаттығуын жасайды.
Қорытын - дылау. Өзін – өзі бағалау	<ol style="list-style-type: none">1. Анашым, жүрегім, гүлім, бақытым сөздерін құрастырып, сөйлемдер құрастыру.2. Пікір алмастыру.	Балалар белсенділікпен жауап береді.

Күтілетін нәтиже: ананың аялы алақанын, жан жылуын сезіне білу.

Білуі тиіс: Халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік.

Түсінігі: отбасындағы ананың рөлі.

Көрсете білуі: ойын жеткізіп айту.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Тақырыбы: «Қарлығаш пен Дәуіт»

Мақсаты: Ертегіні балаларға тыңдата отырып, Қарлығаштың адамға дос құс екендігін, Дәйттің адалдығын балаларға түсіндіру.

Сөздік жұмысы: дәуіт, жардың қуысы, амалы таусылып.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: қарлығаш, дәуіт суреттері.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, тыңдау.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	<p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:</p> <p>Қонып алып қарға, қарқылдайды... (қарға) Өзі жасыл, әрі батыр, ол не? (дәуіт) Өзі қара, бауыры ақ, ол не? (қарлығаш) «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісін балаларға оқып таныстыру.</p> <p>Ертегіні ролге бөліп, ойнату.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p><i>Қане қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық, Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық. Саусқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.</i></p> <p>Д/О. «Ұшты-ұшты»</p> <p>Қорытынды:</p> <p>Қарлығаш – адамға дос. Дәуіт – адал, достарына көмектеседі. Қиындықта достарыңа көмектесу керек</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p> <p>Балалар педагог сұрақтарына жауап</p>

		беру арқылы сабақтан алған білімдерін қорытындылайды.
--	--	---

Қорытынды: Сұрақ – жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісі.

Үйренуі: Қиындықта достарына көмектесу керек.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: «Тоқтар батыр»

Мақсаты: Ғарышқа тұңғыш ұшқан қазақ Тоқтар Әубәкіровтың ерлігін балаларға түсіндіру. Балаларды батылдыققа, төзімділікке, еліне адал азамат болуға тәрбиелеу.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: Ғарышкерлердің суреттері, зымыран, Байқоңыр суреті.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Көкке ұшамын, Ұшқыш болар баламын. Соңынан ерем Ер ғарышкер ағаның. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. «Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз» Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Т. Молдағалиевтың «Тоқтар батыр» өлеңін балаларға жаттату. 2. Тыныштық сәті. 3. Д/О: «Ұшақ» 4. Сергіту сәті. 5. Ғарыш кемесін салу. Қорытынды: - Қазақ халқынан алғаш ғарышқа ұшқан ғарышкердің аты кім? - Ғарышқа ұшу үшін қандай болу керек? - Өскенде ғарышкер болғың келе ме?	Балалар шаттық шеңберге тұрады. Балалар жұмбақтың шешуін табады: зымыран. Балалар педагог сұрақтарына жауап беру арқылы сабақтан алған білімдерін қорытындылайды.

Қорытынды: Сұрақ – жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз».

Мақсаты: Достық, ынтымақ сөдерінің маңыздылығын түсіндіру. Сыйластық, татулық туралы түсініктерін кеңейту.

Сөздік жұмысы: достық, ынтымақ, татулық.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: Халықтар достығы бейнеленген суреттер. Үнтаспа.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбер. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: -Ағайынбыз бәріміз деген сөз нені білдіреді? -Ынтымақ деген сөзді қалай түсінесің? Дәптермен жұмыс. Ә. Дүйсенбиевтің «Ағайынбыз бәріміз» өлеңін жаттау. <i>Ортақ болсын асқар тау, Жеміс толы бақша-бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын кең де, көл де ортақ. Ақңыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз.</i> Д/О. «Досыңды тап» Сергіту сәті. <i>Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.</i>	Балалар дөңгелене тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтымақпен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді. Балалар қимылмен көрсетеді.

	<p>Қорытынды:</p> <ul style="list-style-type: none">- Біз қай мемлекетте өмір сүреміз?- Біздің мемлекетте қандай ұлт өкілдері бар?	<p>Балалар педагог сұрақтарына жауап беру арқылы сабақтан алған білімдерін қорытындылайды.</p>
--	---	--

Қорытынды: Сұрақ – жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: өзіміздің Қазақстан мемлекетіміздің басқа ұлт өкілдеріне деген сыйластығын білу.

Үйренуі: достарымен татулықта қарым-қатынаста болу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Оқу іс-әрекетінің

Тақырыбы : Біз мектепке барамыз.

Мақсаты:

- 1.Мектеп, мектепке қажетті құралдаы туралы түсінік беру.
- 2.Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.Сөйлем, әңгіме құрастыра білуге дағдыландыру.
- 3.Білімпаз болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:мектеп, сызғыш,қоңырау.

Көрнекіліктері: «Біз мектепке барамыз» атты сюжетті сурет, оқу құралдары.

Балалардың іс-әрекеті	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Оқу іс-әрекетінің барысы:</p> <p>1. Кіріспе әңгіме.</p> <p>Балалар, сендерге мектепке баратын уақыт та таяп қалды. Мектепке барғыларың келе ме Мектепте оқитын балаларды кім деп атайды?</p> <p>- Мектепке қажетті құралдарды атаңдар. Мына суретке ат қойыңдар. Балалар мектепке не үшін барады?</p> <p>-Балалар қалай киінгенЮ Қолдарында не ұстаған?</p> <p>-Жылдың қай мезгілінде оқиды?</p> <p>-Балаларды мектепке кім қарсы алады?</p> <p>1. Негізгі бөлім.</p> <p>а)Дәптердегі сурет бойынша әңгіме құрастырту.</p> <p>ә)Оқу құралдарының жеке аттарын атату. Мысалы:оқулық, сызғыш, қалам, қарындаш,т.б. Бұлардың бәрін оқу құралдары деп атайды.</p> <p>б) Сергіту сәтін өткізу.</p> <p>Орнымыздан тұрайық, (Аяқтың ұшымен тұру).</p> <p>Сағаттың жүрісін көрсетейік. (Сағаттың жүрісін жасау:«тик-так, тиктак»деп, қолдарын сағаттың тіліндей айналдыру).</p> <p>Тыныс аламыз. (Ауызбен дем алып, демді мұрын арқылы шығару).</p> <p>в)Сабақ, үзіліс,қоңырау сөздерін қатыстырып, сөйлемдер,әңгіме құрастырту. Мысалы: Сабақ басталды.Үзіліс болады.Қоңырау соғылады.</p> <p>г) Жұмбақ шешу.</p> <p>Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама.(Кітап)Дәптердегі сызба бойынша</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>

	<p>сөйлем құрату, өрнектің мәнін тапқыздыру. «Ұйқасын тап» дидактикалық ойыны.Педагог дауыстап оқиды, балалар қажетті ұйқас сөзді(қалам)тауып айтады.Жаңылтпашты жатқа айтқызу: Айша жазу жазды, Қайша сызу сызды. Қайша жазу жаза ала ма? Айша сызу сыза ала ма?</p> <p>Педагог дауыстап оқиды. Балаларға бірнеше рет хормен және жеке-жеке қайталаттырады.</p> <p>3.Оқу іс-әрекетін қорытындылау. а)Кітап туралы мәтінді оқу. Кітап Кітап – ең жақын дос. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді.Кітаптың бір бетін ашқан сайын сөйлейді. Оның әр беті тұнып тұрған ақыл. Кітапты оқығанда сен бүкіл дүниені ұмытып кетесің. Кітаптан естімегенді білесің, көрмегенді көресің, күлесің, жылайсың,қуанасың.Кітап – ақылшы, серік дос. Кітапты оқып,біліп қана қоймай, басқаға да сол кітаптың жақсылығын үйрете білесің, шын достықты өтегенің. Кітап – адамзаттың асыл қазынасы, сарқылмас білім бұлағы. («Балдырған» журналынан) ә) Оқу іс-әрекетінің сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықталады.</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>
--	---	--

Қорытынды: Сұрақ – жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: өзіміздің Қазақстан мемлекетіміздің басқа ұлт өкілдеріне деген сыйластығын білу.

Үйренуі: достарымен татулықта қарым-қатынаста болу

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Оқу іс- әрекетінің тақырыбы: Қайтып келер жаз.

Мақсаты:

1. Балаларға жайқалған жаз мезгілінің ерекшелігі туралы түсіндіру.
2. Берілген сұраққа толық жауап беруге, грамматикалық тұлғада жүйел» сөйлеугн үйрету.
3. Табиғатты сүюге баулу.

Көрнекіліктері: жаз мезгілі бейнеленген сурет.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Оқу іс-әрекетінің барысы:</p> <p>1.Кіріспе бөлім:</p> <p>а) Жаз мезгілі туралы әңгіме төмендегі ретпен жүргізіледі:</p> <p>Жаз мезгілінің ерекшелігі;</p> <p>Жаз айлары;</p> <p>Ойналатын ойындар;</p> <p>Жаздағы мереке.</p> <p>2.Негізгі бөлім:</p> <p>а) Гүл алаңына сырттай саяхатқа шығу, тапсырм аларды орындату. Гүл алаңы бейнелеген сурет ілінеді. Педагог суреттің бірнеше жеріне ілінген тапсырмалар жазылған қағазды алып, оны балаларға оқып береді.</p> <p>1- тапсырма. Қазір қай мезгіл?</p> <p>2-тапсырма. Гүл алаңында өсіп тұрған гүлдердің аттарын ата. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыр.</p> <p>3-тапсырма. Арық сөзін қатыстырып, сөйлем құрау</p> <p>4-тапсырма. Гүлдерді қалай күтеді?</p> <p>Әр тапсырманы орындату арқылы «Гүл алаңы» деген әңгіме құрастырады.</p> <p>Үлгі:</p> <p>Жаз.Балалар гүл алаңына келді.Гүл алаңында түймедағы,раушан гүлі өсіп тұр.Арықтан сылдырлап су ағып жатыр.Құстар сайрайды.Балалар гүлдерге су сепкішпен су құяды.Арам шөптерін жұлады.</p> <p>ә) Дәптердегі сурет бойынша « Жазғы демалыс» тақырыбында әңгіме құрастыру.</p> <p>б) Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p>Шалғын – қалың өскен көгорай,шөп.</p> <p>Шалғын сөзін қатыстырып, сөйлем құрату.</p> <p>в)Жаз мезгілінде пісетін жеміс-</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p> <p>Балалар</p>

	<p>жидектер,көкөністер туралы тақпақ-өлеңдер оқыту.</p> <p>г)Жаңылтпашты жатқа айтқызу.</p> <p style="padding-left: 40px;">Келді жаз, Жазға бала мәз. Көлде жаз, Көл жағасы саз.</p> <p>3. Оқу іс-әрекетін қорытындылау.</p> <p>а) « Жаз қызықтары» дидактикалық ойыны. Шарты: балаларды бірнеше топқа бөліп, әр топқа тапсырма беріледі.</p> <p>1-топ жаз мезгілінің ерекшелігін әңгімелейді.</p> <p>2-топ жаз мезгілінде демалыс туралы әңгімелейді.</p> <p>ә) Педагог балалардың жауаптарын қорытындылап, сабақты аяқтайды.</p>	<p>тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтымақпен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>
--	--	---

Қорытынды: Сұрақ – жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: өзіміздің Қазақстан мемлекетіміздің басқа ұлт өкілдеріне деген сыйластығын білу.

Үйренуі: достарымен татулықта қарым-қатынаста болу
Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Оқу іс-әрекетінің тақырыбы: «Шаттық шақ»

Мақсаты:

Өз ойларын еркін жеткөзе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекілік: ойыншықтар, шар, жалауша, суреттер.

Алдын ала орындалатын жұмыс: «Әлем балалар көзімен» атты көрме ұйымдастырылып, оған балалардың суреттері қойылады.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Оқу іс-әрекетінің барысы: Кел, балалар Ойын ойнайық! Бақшамызда балаларды қорғау күнін Бірге тойлайық! Кел, балалар. Ән де салайық. Балаларды қорғау күнін Қуанышпен қарсы алайық! -Мерекені ән шашудан бастаймы-Балалардың бақшасында бүгін той – Балаларды қорғау күні біліп қой! Тақпақ айтып, кезектесіп, бір-бірлеп, Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп. Алақай- ау, алақай! Ән шырқайық, балақай! Қызарғанша алақан, Қол соғайық, балақан! Талшыбықтай бұралған, Қазағымның қыздары-ай. Сүйсіндірген биімен, Өнерлі ғой қыздар-ай. Қыздар билейді -Сахнада қалықтасын ән қанаты. Дүр сілкіктіп үлкен-кіші жамағатты. Ортаға тағы бір рет шақырамыз, Әнші бала Құмарбекті. «Мерекенімен! әні орындалады. - Ойын, күлкі, той-думан, Әсем ән мен сәнді би. Асығындар алындар,</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтымақпен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>

	<p>Бәрі бізден табылар,- Деп, өнерлі жігіттерімізді ортаға шақырайық. Балалар, бүгінгі күн қандай керемет.Барлықтарыңның көңілдерің көтеріліп қуанышқп кенелдіндер.Әрқашан жүздерің жарқын болсын!</p> <p>Барлығы қосылып, «Бақытымсың балдырғаным» әнін орындайды.</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>
--	--	---

Қорытынды: Сұрақ – жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: өзіміздің Қазақстан мемлекетіміздің басқа ұлт өкілдеріне деген сыйластығын білу.

Үйренуі: достарымен татулықта қарым-қатынаста болу

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Оқу іс-әрекетінің тақырыбы: Сәруар (ертегі).

Оқу-іс әрекетінің мақсаты: Ертегіні оқып бере отырып, балаларды батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Сөздік жұмысы: ғарыш.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: суреттер.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Оқу іс-әрекетінің барысы: Ұйымдастыру кезеңі: Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бір-біріне қарап төмендегі өлеңді айтады: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!</p> <p>Айға ұшқыларың келе ме? Айға ұшу үшін қандай болуымыз керек? Айға немен ұшады? Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Тыныштық сәті: Көзімізді жұмып, көз алдымызға аспан әлемін елестетеміз. Аспан әлемі не деген әдемі! Жұлдыздар жымындайды. Терең тыныс алып, көзімізді ашамыз. Көңіл күйлерің қалай болды? С.Оспановтың «Сәруар» ертегісімен таныстыру.</p> <ul style="list-style-type: none">- Сәруар қайда ұшпақ болды?- Не үшін Аюға барды?- Аю келісті ме?- Қасқыр келісті ме?- Түлкі келісті ме?- Қоян неге қорықты?- Айға ұшу үшін күшік пен мысық неге келісті?- Сәруардың нағыз достарын ата. <p>Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулауымыз, Міне, біздер қандаймыз. Әрқашанда тілектес, Досыңа көмектес. (Қимылмен</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтымақтаумен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>

	<p>көрсетеді) Дидактикалық ойын: «Менің досым». Ойын шарты: Балалар бір-біріне гүл ұсына отырып, өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады. - Әлішер, сен ақылды баласың. - Жансая, сен әдемі қызсың.</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>
--	--	--

Қорытынды:

- Айға ұшу сендерге ұнар ма еді?
- Айға ұшу үшін қандай болу керек?
- Айға ұшқанда қасыңа кімдерді алар едің?

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Ерлік көрсеткен аталармыз

Оқу-іс әрекетінің мақсаты: Балалардың «жеңіс күні», «бейбітшілік» туралы түсініктерін бекіту. Патриоттық сезімге, ынтымақтастыққа, достыққа тәрбиелеу. Соғысқа қатысқан ардагерлерге құрмет көрсету.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Сөздік жұмысы: отшашу, соғыс ардагері.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: Соғысқа қатысқан ардагерлер суреттері.

Мәңгілік алау, оның қасында күзетте тұрған балалар. Жеңіс мерекесінің суреті.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.</p> <p>Аспанымыз ашық болсын! Еліміз тыныш болсын! Бейбітшілік болсын!</p> <p>Педагог: 9 мамыр – жеңіс күні! Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батыр ағаларымыз бен апаларымыз бар. Оларды атап айтсақ: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, т.б.</p> <p>Еліміз өз батырларын ешқашанда ұмытпайды. Батырлар ескерткішіне гүл шоғын қоямыз!</p> <p>Еске алу: 1 минуттық үнсіздік.</p> <p>Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңін жаттау.</p> <p>Ойлап тұрдым көп, Сауал бердім білгім кеп: Қуанышты мереке – Жеңіс күні қай күн? – деп. Бейбіт күннің бәрі де – Жеңіс күні, шырағым! Д.о «Сөз ойла, тез ойла».</p> <p>Ойын шарты: Бастаушы бір сөзі айтады, балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.</p> <p>Мен әншімін... (ән айтамын) Мен дәрігермін ... (адамдарды емдеймін) Мен ғарышкермін ... (ғарышқа ұшамын)</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтымақтастықпен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>

	<p>Ойын осылай жалғаса береді. Сергіту сәті: Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қолды жоғары көтеріп, Қолды төмен түсіріп, Терең тыныс аламыз. (Қимылмен көрсетеді)</p>	<p>Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына ынтамен жауап береді, қалай түсінгендерін айтып береді.</p>
--	--	--

Қорытынды:

- «Жеңіс күні» деп неліктен айтамыз?
- «Бейбітшілік» деген сөзді қалай түсінесің?
- Соғысқа қатысқан ардагерлерге қандай көмек көрсету керек?
- Соғысқа қатысқан батырларды ата.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Оқу құралдар хикаясы.

Мақсаты: Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру. Оқу құралдары туралы түсінік беру. Оқу құралдарын күтіп, таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: қаламсауыт.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: оқу құралдарының суреттері

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі Ұйымдастыру кезеңі	1. Шаттық шеңбер 2. Педагог жұмбақ жасырады: Білімнен мол сый-асы, Балғындардың ұясы. Ұшымен қазық торкөзді жазық, Үстіне өттім асыл сөз жазып. Қыркүйек айында балалар мектепке барады. Сабақ оқиды. Ол үшін кітап-дәптерлер, қалам-қарындаштар сатып алады. 3. Дәптермен жұмыс. А. Хамзаұлының «Оқу құралдары хикаясы» ертегісімен таныстыру, әңгімелету. - Жанатбек биыл қайда барады? - Анасы ұлына қандай оқу құралдарын сатып әперді? - Жанатбек дәптерді қалай былғады? - Сендер қалай ойлайсыңдар, Жанатбектің жасаған қылығы дұрыс па? 4. Сергіту сәті. 5. Д/О. «Қай зат артық?» Ойынның шарты: Үстел үстіне оқу құралдары мен ойыншықтар араластырылып қойылады. Сөмкеге оқу құралдарын жинап, артық заттардың атын атау керек. 6. Тыныштық сәті. 7. Жұмбақтың шешуін тап. Алты қырлы, алты сырлы. Жазу жазып жалықпаған, жаза-жаза арықтаған	Балалар шаттық шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Мектеп Дәптер Балалар оқу құралдары жайлы білімдерін толықтырып, тәрбиешінің айтқан мәліметтерін есте сақтауға тырысады. Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді Біз мектепке барамыз, Қолға қалам аламыз. Кітапты да оқимыз, Суретті де саламыз. Баяу ойналатын

		музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. «Көз алдымызға мектепті елестетіп көрейік. Қоңырау үні, сөмке көтерген балалар, парталар, тақталар, кітаптар. Не деген керемет!» Балалар өз ойларын айтады. Қалам Бор
--	--	--

Қорытынды: Сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: оқу құралдар түрлерін білу.

Үйренуі: оқу құралдарын таза, ұқыпты ұстай білуге үйрену.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: Алма.

Мақсаты: Балаларды бірін –бірі сыйлауға , өзара тату болуға, қолында бар нәрсені бөлісіп жеуге, әділдікке баулу. Жемістерді күтіп-баптауға , қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: Жабайы.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: Алма ағашының суреті, қоянның, қарғаның кірпінің суреті.

Әдіс -тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгемелеу, тусіндіру

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	1. Балалар қане бәріміз шаттық шеңберін құрамыз. Бір бірімізге алма беріп, жылы лебіздеріміз білдіреміз. 2. Педагог: -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілі неше айдан тұрады? -Күз айында қандай жемістер піседі? 3. Дәптермен жұмыс: «Алма» ертегісін балаларға оқып әңгімелеп беру. -Жылдың қай мезгілі еді? -Жабайы алма қайда қалды? -Алманы кім көрді? -Қоян қарғаға не деді? -Үшеуі қайда кетті? -Аю не деп айтты? -Қандай мақал айтты? «береке басы бірлікте» 4. Сергіту сәті.	Шаттық шеңберіне тұрады. Жансая, сен осы алмадай әдемі бол! Ақниет, сен осы алмадай тәтті бол! -Күз -3 айдан -алма, алмұрт, жүзім
Ұйымдастыру кезеңі.	5. Д.О. «Дәмін тап» Ойынның шарты: педагог жемістерді кесіп үстел үстіне қояды. Балалар көздерін жұмып кезекпен ортаға шығып, жемістердің дәмін татып, қандай жеміс	Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарына жауап береді. Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін алманың Анамызға сыйлайлық. Көзімізді жұмайық, табиғат аясында серуендеп жүрміз. Таза ауа, ашық аспан, құстар қалқып жүр. Терең тыныс алайық.

	екенін табу керек. 6. Тыныштық сәті.	Көзімізді ашайық.
--	---	-------------------

Корытынды: Сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі :Алма жайлы түсінік білу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

Күні: _____

Тақырыбы: «Ормандағы шырша тойы»

Бөлімі: Балалар көркем әдебиетімен таныстыру

Мақсаты: Қыс туралы білімін бекіту. Ормандағы аң – құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: безендіру.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: балалардың шырша безендіріп жатқан суреттері. Сәбіз жеген қоян суреті.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, тыңдау.

Білім беру тәсілдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	<p>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын, бәріміз қол ұстасып, дөңгелене тұрайық. Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:</p> <p>- Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс неше айдан тұрады?</p> <p>Педагог балалармен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелеседі. Мереке туралы балалар өз ойларын айтады.</p> <p>1. Тыныштық сәті. Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. Көз алдарына Жаңа жыл мерекесін, шыршаны елестетеді. Шыршаға алуан түрлі ойыншықтар іліп жатыр. Көздерін ашады.</p> <p>2. Сергіту сәтін өткізу. <i>Тербеледі шыршалар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай шыршалар Үп-үлкен болып өседі.</i></p> <p>3. Д/О. «Шыршаны құрастыр». Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, бірнеше қиып</p>	<p>Балалар дөңгелене тұрып: Күндей жарық, айдай арайлы, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.</p> <p>- Қыс</p> <p>- Үш. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан.</p>

	<p>дайындалған шыршаны алып, тез арада құрастыру керек. Тез аяқтаған топ жеңіске жетеді.</p> <p>Қорытынды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жаңа жыл мерекесі сендерге несімен ұнайды? - Шыршана қалай безендірер едіңдер? - Қандай ойыншықтар ілесіңдер? 	<p>Балалар педагог сұрақтарына жауап беру арқылы сабақтан алған білімдерін қорытындылайды.</p>
--	--	--

Қорытынды: Сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы сабақтың тақырыптарын пысықтау.

Білуі: қыс мезгіліндегі мерекелер .

Үйренуі: өз ойларын толық әрі тиянақты етіп жеткізу.

Технологиялық картаны толтырған тәрбиеші: Тажекеева Н.К

